



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№13-14

(793-794)


24 сәуір

2020 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

КОРОНАВИРУС-2020



COVID-19

ҚАЗАҚСТАН



ӘЛЕМ



ЖҰҚТЫРҒАҢДАР → 2207

ЖҰҚТЫРҒАҢДАР → 2,639 026

ЖАЗЫЛҒАҢДАР → 515

ЖАЗЫЛҒАҢДАР → 722,171

КӨЗ ЖҰМҒАҢДАР → 20

КӨЗ ЖҰМҒАҢДАР → 184,263

23.04.2020 жыл,
сағ: 12:20

ӨЗ ОЙЫМ

БІРЕУГЕ – КӨМЕК, БІРЕУГЕ – ДҮРМЕК



Карантинде жатқан жұрттың бәрінің бас ауруы, уақыт өткізер ермегі – 42 500 теңге. Осы әңгіме шыққалы жұрттан сабыр, тыныштық кетті. Әсіресе, жапқан ақпарат пен алып-қашпа әңгіменің айдарынан жел еседі. «Бұл ақшаны жұрттың бәріне береді екен», «Әрбір қазақстандық азаматтың алуға құқы бар екен», «Америкада халыққа қайтарымсыз ақша таратыпты», «Зейнетақы қорымыздағы өз ақшамыз екен» деген сияқты бос сөзде тыйым жоқ.

Журналистердің уатсап желісіндегі тобында да осы әңгіме бірнеше күн қызу талқыланды. Әлі де қоламтасы бықсып жатыр. Көзі ашық, көкірегі ояу деген ақпарат саласы қызметкерлерінің өзі жел сөзге еріп: «Анау бүй деді, мынау сүй деді» деп қызыл кеңірдек болып жатқандары. Күнделікті өздері сұхбат алып жүрген еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтың сөзін естіп, шынайы ақпаратты біліп отырса да, сенгісі келмейтіндей. Әлде біз қысыр сөзге үйір халықпыз ба?..

Қысыр сөз демекші, әріптестеріміздің желідегі тобында әлгі 42 500 теңге біраз адамды қырық пышак қылды. Біреулер «Министрлік ақшаны әділ бөліп жатқан жоқ. Жоғары жактағылар одан

бірнеше есе көп ақша алып отыр. Неге осындайда халықтың бәріне тең бөліп бермейді?» десе, тағы бір топ «Мемлекетіміз осындай қиын жағдайда қалғанда, мен неге 42 500 теңге алуым керек? Отаныма үлесімді қосудың орнына, ақша сұрағаным жарамас» деп, азаматтық мінез танытуда. Тіпті кейбір тілшілер қызды-қыздымен әлгі әлеуметтік көмек ақшаны алып қойып, кейіннен қайтарып беріп жатты. Жақындарына да мән-жайды түсіндіріп, ақшаны кері қайтаруға үгіттегендер болды. Кейбіреулері министрдің соңғы сөзінен кейін «Қап-ай, ә! Ақшаны бекер кері қайтарыппыз. Министр «Ешкім жазаланбайды, сотталмайды» деді ғой» деп опык жеп...

(Жалғасы 3-бетте)

ӨЗЕКТІ

Соңғы 3-4 күнде жаным жүдеп, көңіліме қаяу түсті. Өзіміз ауырғанда жүгінетін дәрігерлеріміз науқастанса, бұдан артық қорқыныш жоқ екен... Мен қазір «Біздің дәрігерлер неге ауырды, қалай ауырды, неден болды? Оған кім кінәлі?» деген сұрақтар қойғым келмейді. Оны тексеріп, ақ-қарасын зерттейтін комиссия бар шығар... Менің қабырғама бататыны – солардың ауырғандығы... Тілегім – сол жандардың тез сауығып, арамызға аман-есен оралуы. Қазіргі індет – коронавирус – біздің көп нәрсеге көзімізді ашты.

Талғат ТЕМЕНОВ,

кинорежиссер, қоғам қайраткері:

АЛДЫМЕН ДӘРІГЕРДІ ЖАРЫЛҚАЙЫҚ!

Енді біз осы пандемиядан соң өзгертін болармыз. Өйткені өзгермесе шара жоқ. Әлеуметтік желідегі әлеуметті тыңдауға – фейсбук, инстаграммды ашуға қорқам. Себебі жаман аурумен ауырғандар күннен-күнге өршіп жатыр. Ең қиыны, сол науқастардың ішіндегі дәрігерлердің болуы. Жұмысқа барып індетке шалынуы...

Осындай кезде дәрігер-фельдшерлерді марапаттау – мыңдаған жандарға стимул болар еді. Осы тұрғыда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мына індетке байланысты алдыңғы шепте жүрген дәрігерлердің жалақысын көтерді. Ура!!! Браво!!! Президент Мырза! Әділдік аз уақытқа болса да орнады. Менің ендігі тілегім, ойым – осындай жалақыны Қазақстандағы барлық дәрігерлерге, фельдшер, медбикелерге берсе, нұр үстіне нұр болары хақ... Әрі дәл осылай мардымды деңгейде қалса екен деймін... Менің білетінім, әлемде ең үлкен жалақы алатын мамандардың қатарына дәрігерлер мен юристер жатады. Олардың шайлығы – біздің дәрігерлеріміздің айлығындай. Жарайды, кеңес кезін айтпай-ақ қояйын, соңғы 30 жылда біздің елде ең көп оқыған мамандық – заңгерлер мен экономистер екен. Мемлекеттік, жекеменшік жоғарғы оқу орындарында гранттардың көбісі осы салаға жұмсалды. Ал содан білім алып, дүрілдеп шыққан кім бар? Қай заңгерлі ел біледі? Қай экономист әлемге, қала берді, Қазақстанға қандай жаңалық ашты? Егер статистикаға қарасаныз, әр дәрігерге 5-6 заңгерден, болмаса экономистен келеді. Бұл қызық аздай, бір кездері медициналық оқу орындарында балаларды емдейтін Педиатрия бөлімін жауып тасталды. Кім жапты? Неге жапты? Одан кім, не ұтты? Білмеймін... Білетінім, академик ағамыз Камал Ормантаев жылап жүріп сол мамандықты қайта аштырғаны. Ертенін ойламаған бұл сол кездегі денсаулық министрінің, оның қасындағы жандайшап пысықайлардың кеселі, кесірі... Өлгіндегі жалақы жайлы... «Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде» деп Абай айтпақшы, бір саланы айта кетейін. Ол – спорт. Елдегі легионер-спортсмендердің жалақысын көргенде жылағың келеді. Мысалы, кезінде «Қайратқа» келген Андрей Аршавиннің жалақысы бір жылда 1,5-2 миллион доллар болса, Жерар Гоудың гонорары 2 миллион еуродан төмен түспеді. Ал хоккей ше? Олардың бір айлық жалақысы 60 мың еуродан 100 мың еуроға жетіп, бір жылда 1,300 000 еуродан 1,800 000 еуроға дейін жетеді. «Астана» велоспортын айтпай-ақ қояйын. Бұған не дейсіз? Аршавин, Жерар Гоу 1-2 жыл доп тепті... Ақша алды да кетті... Қайран қазағым-ай! Осыншама қыруар ақшаны неге біз медицинаға бөлмедік? Иә, әрқайсысы әртүрлі сала... Ақылға салғым келсе де, шыдай алар емеспін. Өйткені қалай болған күнде де ол қаржы мемлекеттің бюджетінен, яғни біздің қалтамыздан түскен ақша емес пе? Осыны түсінетін кім бар? Кімге барып жылайын? Бұл тек спорт қана емес, кинофестиваль де сол. «Біздің фестивальге пәлен жұлдыз келді» деп сонау Голливудтан, не Еуропадан 1-2 күнге келетін жұлдыздардың гонорары түске кіреді. Анам жарықтық «Өлім байдың малын шашады, кедейдің артын ашады» дейтін. Міне бізде сол күйге түстік. Бізде маска-бетперде, инфекцияға арналған арнайы костюмдер тігетін фабрика жоқ екен. ИВЛ-ды айтпай-ақ қоялық. Қазір қайда қарасан да «Ілләлдалап» отырған ел. «Жыртқы үйге – тамшы жау» дегендей, мұнайдың да мәселесі қиындап кетті. Әсіресе, қазіргі сокқы бізге қатты батты. Алдыңғы шептегі – осы індетпен күресіп жүрген жандар жанұшыра айкайлаған үндері бірде жетсе, бірде жетпейді. Түсінем де, қынжылам...



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

ҚАЗАҚТЫҢ РЫЦАРЫ

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы — біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр, тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын



білмейтін ер жетесіз, Жеті ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
21,30

DOLLAR
435,82

EURO
473,26

РУБЛЬ
5,69

Әлеумет.t⁰

– 40!



(Бұл туралы 2-беттен оқыңыз)

БИЛІК

15 наурызда жарияланған төтенше жағдай 1 мамырға дейін ұзартылды. Нұр-Сұлтан мен Алматыда басталып, өзге де өңірлерде енгізілген карантин режимі әлі де созылуы мүмкін. Көзге көрінбейтін титімдей вирустың ел экономикасына келтіріп жатқан зияны орасан. Бюджеттің қомақты бөлігін құрайтын «қара алтынның» әлемдік сауда нарығындағы мүшкіл күйі - «жығылған үстіне жұдырық». Ендігі кезде экономиканы жандандыру керек пе әлде халықты аман сақтап қалу керек пе? Осындай қысылтаяң шақта ел билігі таңдау жасауға мәжбүр.

Дәл қазіргі кезде бізге береке-бірлік керек. Индетке жұмылып күрескенде ғана оны жеңеміз. Оған әрқайсымыз да үлес қоса аламыз. Ең алдымен үйден шықпау арқылы. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген жұрт абдырап қалды. Әсіресе, ақысыз демалысқа жіберілген, напакасын күнделікті митың тірлікпен айырып жүргендер қатты қобалжыды.

Елімізде төтенше жағдай енгізіле сала Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа әлеуметтік көмек көрсету шарасын шұғыл түрде қабылдады. Бұл — зейнетақыны көтеру, табыссыз қалғандарға жәрдемақы төлеу, несие төлемін кейінге шегеру, шағын және орта бизнеске салық жеңілдігі. Уақыт өткен сайын қолдау да көбейді. Айталық, азық-түлік жиынтығын ақшалай беру туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ тұрмысы төмен жандардың коммуналдық қызмет төлеміне жәрдемдесу жағы қарастырылды. Төтенше жағдай кезіндегі ең маңызды міндеттің бірі — азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің шекті бағасы белгіленді. Үкімет өз тарапынан бүкіл елді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қатаң қадағалап отыр.

Мемлекет басшысы зейнетақы мен жәрдемақыны, сондай-ақ жеке әлеуметтік көмектің жылдайы мөлшерін 10 пайызға көбейтуді тапсырды. Бұл жеке әлеуметтік көмекке де қатысты.

Міндетті әлеуметтік медициналық жәрдем жүйесі бойынша сақтандырылмаған адамдардың емделу құқығы 1 сәуірден 1 шілдеге дейін ұзартылды. Бүгінгі күні еліміз бойынша 16,4 млн тұрғын медициналық сақтандырылған. Оның 11 миллионы — әлеуметтік жағдайы төмен топқа кіреді. Бұлар үшін мемлекет төлейді. Айта кеткен жөн, осы жеңілдік берілген кезеңде сақтандырудан тыс қалғандар өздерінің статусын анықтап, тиісті жарнасын төлеуі қажет. Сонда ғана 1 шілдеден бастап МӘМС-ға қатысушы бола алады.

Коммуналдық төлемге келсек, ТЖ режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында

МЕМЛЕКЕТТІҢ ДЕМЕУІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың 35 пайызы толық окшауланған қалаларда өмір сүріп жатқанын атап өтті. Олардың бөрінің жағдайы бірдей емес. Сондықтан да Президент тұрмысы төмендерге коммуналдық төлем жағынан көмектесуді тапсырды. Қала әкімдіктері бұл тапсырманы орындауға кірісті. Ең төменгі зейнетақы алатындар, I, II, III топтағы мүгедектер, көп балалы отбасылар және өзге де көмекке мұқтаж жандарға екі ай бойы 15 мың теңге беріледі.

Карантин басталғалы көмекке зәру 800 мың адамға азық-түлік жиынтығы таратылған болатын. 15 сәуірде мемлекеттік комиссия енбек министрлігінің көмекті

қойыла бастады. Елде бұрын-соңғы болмаған жағдай кезінде шұғыл түрде қолға алынған шара болғандықтан, бірден дөңгеленіп кетпейтіні түсінікті. Есесіне, сол қаржы қолына тигендер мұның өзі әжептәуір көмек болғанын қазір ризашылықпен айтып жатыр.

Коронавируспен күресіп жүрген медицина қызметкерлері де шет қалған жоқ. Әсіресе, аса қауіпті саналатын инфекциялық стационарда жұмыс істейтіндердің бөріне 850 мың теңге төленетін болды. Президент қосымша ақының полиция қызметкерлері, әскерилер, «алғы шептегі» мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне де қатысты екенін ескертті. Блок бекеттерінде тұрған, вирус жұқтырғандар емделіп жатқан медицина мекемелерін

CORONA | VIRUS2020KZ

1 Алушылар шеңберін жүйелі түрде кеңейте отырып, жұмысынан және кірісінің жоғалуына байланысты 42500 теңге мөлшерінде төлем.

3 Екі ай бойы 15 мың теңге мөлшерінде коммуналдық төлемдер үшін халықтың әлеуметтік осал топтарына өтемақы төлеу.

2 Азаматтардың жекелеген санаттарына азық-түлік себеттерін тарату.

5 Карантинге жабылған қалалардың тұрғындарын азық-түлікпен және қажетті тауарлармен қамтамасыз ету. Бағаның қолжетімділігі мен жеткізу логистикасына мониторингі жүргізу.

6 Зейнетақы мен бірқатар жәрдемақылардың мөлшерін 10% индекс-теу.

7 Сақтандырылмаған азаматтардың әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы медициналық көмек алу құқығын 2020 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзарту.

4 Әлеуметтік қорғалмаған азаматтарды баса назар аудара отырып, карантинге ұшыраған қалалардың тұрғындары үшін коммуналдық төлемдердің мөлшерін азайту.

8 ҚР ТҮІҚКБ тарапынан несие төлеу мерзімін шегеру.

ақшалай беру туралы ұсынысын мақұлдады. Дегенмен жәрдем алушылардың кейбір бөлігін азық-түлік түрінде қамтамасыз ету жалғасады.

Карантин кезінде ипотекалық несие төлеушілер де біршама алаңдап қалғаны рас. Біреулердің жалақысы сақталғанымен, ақысыз демалысқа жіберілгендері де баршылық. Олар не істеуі керек? Бұл жағы да ұмыт қалған жоқ. Мәселен, «Тұрғынүйқұрылысжинақ банкі» 16 наурыздан бастап негізгі қарыз бен сыйақы бойынша төлемді шегеруге 90 күндік мерзім берді. Ол үшін интернет-банкінгке себебін көрсетіп өтініш жіберу керек. Растайтын құжаттардың қажеті жоқ. Басқа банктер тарапынан да несиеге қатысты осы секілді жеңілдіктер жасалып жатыр.

Карантин кезінде табыссыз қалғандарға 42 500 теңге *(ең төменгі жалақы мөлшері)* төлеу туралы шешімнің дер кезінде қабылданғанын айтқан жөн. Оны төлеу механизмінде азды-көпті мүдіріс болғанымен, бұл жағы да соңғы аптада жолға

үшін қаржымен қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан көктемгі егістік жұмыстарын қаржыландыру көлемі 3 есе, яғни 170 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Оған қоса, карантиндегі қалаларға ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізушілерді тоқтаусыз өткізу, «жасыл аймақ» арқылы жүретіндерге рұқсат берілуі тиіс.

Бізде жылда қайталанатын «төтенше жағдай» бар. Ол — су тасқыны. Әсіресе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Костанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында осындай қауіп бар. Осы орайда Президент әкімдерге тиісті министрліктермен бірлесіп, ұдайы мониторинг жүргізуді және жедел әрекет етуді ұйымдастыру жөнінде тапсырма берді.

Пандемияның бүкіл әлемге, соның ішінде елімізге келтірген зияны көпке дейін ұмытылмайтыны анық. Бұл жайында мамандар алдағы уақытта айта жатар. Әзірге біздің көзіміз жеткені — қиын-қыстау кезеңде ешкімнің де мемлекет тарапынан қолдаусыз қалмайтыны.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.t⁰



– 40!

Бұл дүйсенбі де мұнай тарихында сорақы статистикамен есте қалады. Тұңғыш рет ғаламдық базарларда «қара алтын» бағасын көрсеткен санның алдына минус (-) белгісі қойылды. АҚШ-та өндірілетін WTI (*West Texas Intermediate*) маркалы мұнайдың мамыр айына арналған бағасы (*future price*) 1 центке дейін құлдырап, байғұс брокерді тентек қыла жаздады. Бірақ қияметтің көкесі алда екен. Сәлден кейін баға -40 долларға жақындады. Бұл қара майды нарыққа жеткізуші өз тауарына сатып алушыдан ақша алмайды, керісінше, 40 долларды қоса төлейді деген сөз. Тасымал үшін. Бұдан бірер ай бұрын жасалған келісімнің шарты солай.

Еуропадағы биржада «қара алтынның» қадірі дәл бұлай түскен жоқ. Дегенмен, Reuters ақпарат агенттігіне жүгінсек, Brent маркалы мұнай -3,5, ал Urals -3 долларға дейін арзандady. Соңғысы туралы сөз қозғалса, елен етеміз. Өйткені Ресей мен біздің мұнай биржаға осы маркамен шығарылады.

Қара майдың бұрын-соңды болмаған дәрежеде құнсыздануын сарапшылар сан-саққа жүгіртті. Сайып келгенде бөрінің пікірі бір арнада тоғысады. Ұсыныс көп те, сұраныс жоқ. Қойма атаулы аузы-мұрнынан шығып тұр. Халықаралық энергетика агенттігінің болжамы бойынша, артық мұнайдың мөлшері бұл айда тәулігіне 29 млн баррельге жетеді. Ал жыл соңына дейінгі орташа көрсеткіш 9,3 миллионды құрайды. Демек, ОПЕК++ *(++ белгісі келісімге қосылған елдердің көбеюіне байланысты — автор)* келісімі бойынша алдағы екі айда көзделген өндіріс көлемін 9,7 млн баррельге азайту тығырықтан шығар жол емес. Оның үстіне уағдаластыққа сәйкес, шілде айынан бастап қысқарту 8 млн баррельді құрауы тиіс. Осыдан-ақ, өндіріс көлемін анағұрлым азайту қажет екені көрініп тұр. Енді мамандар 20 миллион төңірегінде сөз қозғай бастады. Олай етпеген жағдайда, қара май ешкімге қажет болмай қалады. Қойманы былай қойып, қазір танкердегі мұнайдың өзі 160 млн баррельмен рекордтық деңгейге жетті.

Алдымен саудиялықтар дабыл қакты. Ақпарат құралдары Әр Риядтағылар ОПЕК++ келісімін мамырды күтпей-ақ қазірден бастап іске асыруды ұсынғанын хабарлады. Ал Ресей үкіметінің бұрынғы басшысы Дмитрий Медведев «қара алтын» құлдырауын «картельдің құпия пәтуасы» деп бағалап, осы нарықта take or pay *(сатып)* ал немесе төле тәсілін қолдануды ұсынды. Аталған жүйе бойынша тауар келісімде көрсетілген бағаға сатылуы тиіс. Сұраныс жоқ кезде мұның іске аспайтыны белгілі. Бірақ Медведевтің сөзінен мұнай нарығы үшін текетірес басталғанын аңғару қиын емес. Бұл күрестің коронавирус кесірінен қатары селдіреген Еуропа мен Азиядағы клиенттер үшін өршітіні белгілі. Өйткені онсыз да өз мұнайын қайда жіберерін білмей жатқан американдықтар сырттан қарамай алуды тоқтатуы ғажап емес.

Еліміз әлгі келісім шеңберінде өндіріс көлемін 390 мың баррельге азайтуы тиіс. Нарықтағы ахуал отандық мұнайшыға да онай соқпайды. Сол себепті шикізатқа көп иек артпай, сұранысы сарқылмайтын мұнай өнімдерін шығаруға басымдық бергені жөн секілді. Осы аптада ұлттық «Қазмұнайгаз» компаниясы осы саладағы жағымды жаңалықты жариялады. Енді Атырауда өндірілетін бензол мен паракисполды Еуроодақ елдеріне жөнелтуге рұқсат бар.

Срайыл СМАЙЫЛ



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2,5 МИЛЛИОН

Әлемде коронавирус анықталған адам саны

32 000

Семейлік тұрғынның коммуналдық шығыны өтелмек

11 000

шақырым жол еліміз бойынша ақылы жүйеге ауысады

150 000

медициналық маска атыраулықтарға тегін таратылды

Сөз-Жебе

Дариға НАЗАРБАЕВА,
Сенат төрайымы:



«Бүгінгі таңда дәрігерлер де, журналистер де алғы шепте қызу еңбек етіп жатқанын еске салғым келеді. Олар ықтимал қауіп-қатермен күнде бетпестеліп келсе де өздерінің кәсіби борышын адал атқарып жүр. Сондықтан оларға құқықтық қорғау мен адами қолдау аса қажет. Қазір бәріне де қиын, бірақ бір-бірімізге жәрдемдесіп қана осы жағдайдан тезірек шыға аламыз».

Керек дерек

Төтенше жағдай кезінде табысынан айырылуына байланысты **3 МЛН 692 МЫҢ АДАМҒА** Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСК) әлеуметтік төлем қарастырылды

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ – **1 млн**

Түркістан облысы – **990,7 мың**

Алматы облысы – **534,1 мың**

20 сәуірдегі жағдай бойынша **42 500 ТЕҢГЕ ТӨЛЕМІНЕ 7 МЛН 990 МЫҢ АДАМ** өтініш берді:

Шымкент қаласы – **532,2 мың**

Нұр-Сұлтан – **590,8 мың**

ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖӘРДЕМАҚЫ ЕҢ КӨП БӨЛІНГЕН ОБЛЫСТАР:

Алматы – **892,8 мың**

Түркістан облысы – **436,6 мың**

Алматы қаласы – **364 мың**

Өз ойым

(Басы 1-бетте)

Еңбек министрінің «Ақшаны алдын ба? Онда қажетіңізге жаратыңыз!» деген сөзін де әркім әр түрлі түсініп, тәпсірлеген алғашында. Кейбіреулер мұны есепсіз, сұраусыз ақшадай көріп, «министр айтты ғой» дегендерін қайтесіз?

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды». Ақшаның сыңғыры шыққалы қулық-сұмдық та көбейгендей. Тіпті өмірі мемлекетке бір тиын салық төлемеген немесе зейнетақы қорына бес теңге аудармағандардың өздері әлгі ақшаны алу үшін бір реттік төлемакыны қолма-қол төлеп, ұялы телефонға телміріп, ғаламтордың кезегінде тұрған жоқ па? Ауылды жерде пошта мекемесінің алдында күні бүгінге дейін ұзын-сонар кезек. Компьютерді қақпаймыз

келмейді. Өлсем де осында боламын» деген жанашыр сөзін біздің де басылымдар мысал ретінде жазды. Сондай жанашыр сезімнің ұшқыны біздің азаматтарға жетіспей жатқаны қарынды ашырады. Вирус бергі әңгіме болып қалды, біздің азаматтар 42 500 теңге үшін қырық пышақ.

Жұртты жаппай әбігерге салған ақша туралы бұрын банк саласында қызмет еткен Токтар Алжанбай есімді экономистпен телефон арқылы әңгімелестік.

Токтар айтады: *«Осы жағдай көп шындықтың беттердесін ашты. Әсіресе, қазақтың масылдық психологияға, жалқаулыққа бой алдырғанын көрсетті. Мемлекетке жөн-жосықсыз міндетсіну, бәрін мемлекет жасау керек деген мінездің қалыптасқанын ашық көрсетті. Үкімет ақша бермесе, аш қалсақ та қам жасамай отыра беруге жаман үйреніппіз. Мемлекет не айтса да сенбейтін, жел сөзге, арандаушылардың бос сөзіне үйір,*

БІРЕУГЕ – КӨМЕК, БІРЕУГЕ – ДҮРМЕК



дегендердің бәрі онлайн төлеуді бір сәтте менгеріп алды. Таксистер мен кара жұмыс істейтін жалдамалы жұмысшылар да 42 500 теңге дегенде, заңды шемішкеше шағып, жұмысшының құқығы, еңбек кодексі туралы «пәлсапа» соғатын болған.

Тағы бір мысал. Жұмысы тоқтамаған, карантин болса да үйінде жатып айлық алып отырған бір танысым әлгі ақшаға өтінім берген болатын. «Жұмысың тоқтаған жоқ. Одан да мұны нағыз мұқтаж адамдар алсын. Бір адам болса да, үкіметке ауыртпалық салмасаншы! Ардың құны осы ақша ма еді?» дедік біз. Ол қоймады. «Берсе, алармын. Бермесе, ештеңем кетпейді» деп өтінімін жіберді. Екі-үш күннен кейін 42 500 теңге түп-түгел шотына түсті. Мәз. Маған қоңырау шалды. Екі күннен кейін айлығы түсті. Бір апта өтпей, тағы да хабарласып тұр. «Айналайын, журналиссің ғой, шынындай айтшы. Енді мен сотталамын ба?» дейді азар да безер болып.

«Соттласың!» дедім қысқа-нұсқа. Ақыры әлгі ақшаны қайтарып құтылды. Міне, бізде осындай жолмен жәрдемақы алғандар көп. Еңбек министрі алғаш азаматтардан жұмыс орнынан қысқартуға, яғни ақысыз демалысқа кеткенін растайтын құжат сұратқан. Кейін жұрт жаппай шулап, кейбір шағын жұмыс берушілердің ондай құжат бермейтінін ескеріп, талапты жеңілдетті. Қысқасы, адамның ар-ұятына қалдырды. «Жұмысынан қысқартылған, карантин кезінде жұмысы тоқтаған азаматтар ғана өтініш беріндер. Басы артық құжат талап етпейміз. Сіздерге сендік» деді. Алайда жұрт мұны аспаннан шүлен

өсек-аяңға жақын, аяр жұртқа айналыптыз», — делі.

— Карантиннен кейін осы кемшіліктеріміздің орнын толтырып, халықтың мінезі жақсы жағына өзгермей ме? — деген сұрағымызды қойдық.

Ол: *«Жұрттың бәрі карантиннен қатты қиналды деп айта алмаймын. Ақшасы таусылып, қара сусыз қалды» деуге де келмейді. Сондықтан жұрттың мінезі бірден жақсы жағына өзгереді деу қателік. Өйткені ішын қиналмаған, ашықпаған адамның өзгеруі қиын. Оны өткен тарихтағы түрлі оқиғалардан білеміз. Бірақ көзі ашық жұрт осы жағдайдан кейін құндылықтың мәнін түсінеді деп ойлаймын. Еңбектің қадірін, жалқаулықтың азабын білетін болады. Үйде қамалып отырудың қаншалықты қиын екенін сезінеді. Денсаулықтан артық байлықтың жоқ екенін, туыстан артық жанашыр, ағайыннан артық жақынның болмайтынын ұғынады деп ойлаймын. Содан кейін, есті жұрттың көбі қысыр сөздің тамақ болмайтынын, оның орнына сауда жасау керек екенін, бір тиынды екі тиын етіп құраудың қажет екенін білетін болады. Меніңше, осы жағдайдан кейін Қазақстанда шағын және орта бизнес қанат жаяды. Цифрлық жүйе дамиды. Электронды үкімет деген дүние жетіледі. Электронды жүйе дамыса, сыбайлас жемқорлықтың жолы кесіледі», — деп өз ойын түйді.*

Сыбайлас жемқорлық демекші, заңға пысырмайтын, карантинді пайдаланып, мемлекет бекіткен 9 түрлі азық-түліктің бағасын көтеріп сатқан дүкендер мен сауда орындары да бой көрсетті.



жауғандай, жұмысы бары да, жоғы да таласып-тармасып, өтінім берді. Менін танысым сияқты бірнеше мың адам «байқамай қалды», немесе «өздері берді, мен алдым» деп сазарып отыр. Бұл күн де өтер, әлгі ақшаның да есебін сұрайтын күн туар. Себебі-судың да сұрауы бар». Министр сұрамаған күннің өзінде ақшаға жауап беретін басқа мекемелер бар емес пе?

«Отанды сүю отбасынан басталады» дейміз. Дәл қазір Отанды сүю ел басына туған киыншылықты бірге бөлісу болып отыр. Осы тәжтажал алғаш пайда болғанда, Қытайда жұмыс істейтін жапон жігіті еліне қайтудан бас тартқан болатын. «Ауруды еліме апарғым

«Мынау неге қымбат?» десеңіз, «бізге солай қымбат бағамен келіп жатыр» деп құтылғысы келеді. Бүкіл елдің басына түскен киындықтан ақша сағағысы келетін ондай пысықтардың да жолы кесілер. Карантин бір жағынан кейбір заңның орындалуын, тәртіпті ретке келтіргендей. Әйтпесе, бұған дейін әлгі тоғыз түрлі өнім бір ауыл түгілі, бір көшенін бойындағы екі дүкенде екі түрлі бағамен сатылып келген жоқ па? Тұрғындар да кейбір өнім бағасының қандай болуы керектігін, заң бойынша оны қымбаттатуға болмайтынын түсінді. Бұл енді жақсы жағы.

Жарас КЕМЕЛЖАН

QOǴAM



3

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі атап өткендей, еріктілер қызметінің дамуы — өркениеттің өлшемін де білдіреді.

Тіпті, басқаны былай қойып, өз қазағымыздың өткенін ақтарып қарасақ, қайырымдылықтың қанға сіңген қасиет екенін көреміз. Сонау қиын-қыстау замандағы жаппай жер аудару кезеңінде халқымыз шеттен келген талай ұлтты бауырға басты. Барымен бөлісті. Бүгінде Казак елі әлем мойындаған бейбітшіліктің жаршысына, дербес мемлекетке айналды. Жақсылықтың қайтарымы жақсылық екендігін осылайша, ата-бабаларымыздың игі әрекеті дәлелдеп берді.

Еріктілермен кездескенде Президент өз сөзінде осынау игі дәстүрді жанғыртып, оны ұлы аманат ретінде болашаққа тапсыру мәселесін орынды көтерді. «Бүгінде дүниежүзінде бұл үрдіс кең таралып, әлемдік қозғалысқа айналды. Қазірдің өзінде жер бетінде 1 миллиардқа жуық адам волонтерлікпен айналысады. Ал бізде 16 мың. Бұл, әрине, аз. Осы көрсеткішті 100 мыңға дейін көтеруге болады» деген Президент волонтерлер санының бір миллионға дейін жетеріне сенім білдірген еді.

«ЫҚЫЛАСТЫ БАУЫРЛАР» ОРТАЛЫҒЫ

Қайырымды істерді алғаш болып қолға алғандардың бірі — мүфтият. Қазір мешіттер еліміздің түкпір-түкпірінде «Қайырымдылық керуені» жобасын жүзеге асырып жатыр. Керуен әлеуметтік жағдайы төмен, мұқтаж отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуде.

Ерлан ӘУКЕНОВ, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі:

— Біздің басты миссиямыз — халықтың әлеуметтік жағынан өлсіз топтарына көмектесу. Қазіргі уақытта министрлік волонтерлердің қатысуымен бес түрлі жоба бойынша жұмыс атқарып отыр. Мәселен, «Қамқор» жобасы бүгінде 122 мыңнан астам қазақстандықтың 930 ұйымда әлеуметтік көмек алуына мүмкіндік беруде. Бұл жоба күндізгі стационарды, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін әлеуметтік көмектерді, бейімдеу орталықтарын қамтиды. «Сабақтастық» жобасы мүмкіндігі шектеулі 25 мыңнан астам баланың ел бойынша 476 ұйым арқылы әлеуметтенуіне, өзіндік дамуына жағдай жасауда. «Бақыты отбасы» орталықтары көп балалы аналардың білім алуына, кәсіп бастауына ықпал етуде. Ал биыл іске қосылатын «Белсенді ұзақ өмір» жобасы зейнет жасындағы азаматтардың өмір сүру образына серпін беру арқылы жақсартуға бағытталып отыр. Сонымен бірге, «Тең қоғам» жобасы да мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жоңаша ілім алуына, тұлғалық дамуына ықпал ететін болады.

Валерий МИТРОФАНЕНКО, «Шімдік пен есірткіге жол жоқ» қайырымдылық қорының төрағасы, «Әлеуметтік ата» жобасының авторы (Ресей):

— Қазақстанда тұтас жылдың волонтерге арналуы — барлық мемлекет үшін үлгі аларлық тәжірибе. Себебі волонтерлік қызмет билік пен бұқараны ғана емес, тұтас қоғамды біріктіретін әлеуметтік көпір. Бұл менің тәжірибелі ерікті ретіндегі пікірім. Мен өз елімде, яғни Ресейде «Әлеуметтік ата» жобасын іске қостым. Ондағы мақсатым — көп балалы жанұяларға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жалғызбасты аналарға көмектесу. Мен ата ретінде ол ұяңд сәббін балабақшаға, мектепке тасимын. Үйде себи күтімімен отырған аналардың балаларын арнайы ұйымдармен келіссөз жүргізу арқылы, сәбилер орталығына, спорттық секцияларға орналастырамын. Жұмыссыз отырған аналарымыздың еңбекке араласып, нәпақа тауып, әлеуметтік жағдайын жақсартуына ықпал етемін. Шынайы нәтиже беріп жатқан бұл жобалар қайырымдылықтың шегі болмайтынын, жақсылықтың жақсылықпен жалғасатынын дәлелдеп отыр.

Эльвира ҒАЙСИНА, «28 ілмек» клубының Атырау облысы бойынша үйлестірушісі:

— Менің бұл клубқа келгеніме төрт жылдай уақыт болды. Клубқа келген кезде тоқу өнерін мүлде білмейтінмін. Кейін тоқу сүйікті ісіме айналып кетті. Себебі біз нәрестелерге арнап таза жүннен бас киім, шұлық тоқып, жергілікті перинаталдык орталықтарға тапсыру арқылы нәрестелердің жетілуіне үлес қосып келеміз. Біздің клуб 2012 жылдан бері жұмыс істейді. Оны құрған — фотограф Карла Нұр. Қозғалыстың өмірге келуіне дөрігерлердің сәбилер үшін жанталаса жүріп жүннен киім тоқуы себеп болған еді.

Дана ҒАСЫРБЕК, «JARQYN BOLASHAQ» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы (Махамбет ауданы):

— Біз құрған бірлестіктің басты мақсаты — жастардың бастамаларын қолдау. Қазір біз «Qulabyz» еріктілер жасағын ерекше жоба ретінде айта аламыз. Себебі бұл жасақ жастардың тұлғалық дамуына септігін тигізетін тренинг өткізу, ағартушылық жұмыстарын жүргізумен айналысады.

Екінші бағытымыз — әлеуметтік кәсіпкерлік. Бұл жоба жастардың жан-дүниесіне жақын мамандықты таңдап, кәсіби тұрғыда машықтануына ықпал ететін болсады.

Біз әр жобамыздың нәтиже береріне сенеміз.

Волонтер болу — ел басына күн туған қазіргі кезде керек. Елде өндіріс тоқтап, тәуелсіздікте болмаған жағдай — мектеп, оқу орындары жабылды. Қазақ қоғамы қалыпты өмірдің қадірін түсініп жатыр. Небір қилы кезеңді бастан кешірген халық әрдайым сенімді серік ететін. Сол сенім бізді қазіргі жағдайда ізгілік жолында біріктіруде.



Жақында Атыраудағы облыстық «Иманғали» мешіті жанынан қайырымдылық орталығы ашылды.

«Атырау облыстық «Иманғали» мешіті жанынан ашылған «Ықыласты бауырлар» қайырымдылық орталығының басты мақсаты — мұқтаж бауырларымызға көмек қолын созу» дейді Атырау облысының Бас имамы Алтынбек Ұтысханұлы.

Оның айтуынша, орталық екі бағытта жұмыс істейді. Біріншілен, орталық көп балалы, әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және жартылай жетім, мүмкіндігі шектеулі жандарға азық-түлік пакетін таратып отырады.



Екіншіден, Атырау қаласы аумағындағы азаматтар осы орталыққа өздерінің киілмей тұрған киім-кешектерін тапсыра алады. «Біз сол киімдерді химиялық тазалаудан өткізіп, мұқтаж отбасыларға таратамыз. Бір-біріне бауыр саналатын мұсылмандар қуанышпен бірге, қиыншылықты да бірге жеңуі керек. Бүгінгідей елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайда бұл орталықтың ашылуы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар үшін үлкен демеу болары сөзсіз. Ендеше, Алла разылығы үшін орталық жұмысына ат салысып отырайық», — делі Атырау облысының Бас имамы Алтынбек Ұтысханұлы.

ЖАСТАР БАСТАМАСЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ 3 МИЛЛИОН!

Төтенше жағдайға байланысты Атырауда волонтерлердің ерікті түрде штабы құрылды. Қазір сол штабқа атыраулық еріктілердің басын қосқан Әйгерім Жәрдемқызы жетекшілік жасайды.

«Қазіргі сәтте біз жазған ақпаратты бөлісудің өзі үлкен көмек деп есептеймін. Менің достарым жазған әр постты бөлісудің арқасында біз 3 миллион теңгеге жуық қор жинадық. Оның 2,4 миллион теңгесіне әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік берілді. Бүгінгі күнге дейін біз 550-ге жуық отбасына көмек көрсеткен екенбіз. Біз тоқтамаймыз! Біз біргеміз» дейді Әйгерім Жәрдемқызы.

Жастардан құрылған топ әлеуметтік желі арқылы жұмыс жүргізеді. Әлеуметтік желіде жарияланған посттарға атыраулықтар үлес қосып, осылайша мұқтаждарға асарлау жолымен көмек көрсетіледі.

АУЫЛДАҒЫ ІЗГІ ІСТЕР

Қайырымды істер қаламен бірге, Атыраудың алыс ауылдарында да атқарылып жатыр. Қызылқоға Атыраудан әлдеқайда шалғай орналасқан аудан. Біз үлгі етіп отырған Ризабек Амантайұлы — қызыл қоғалық еріктілерді біріктіріп жүрген рухы мықты жігіт.

«Жұмадан жұмаға дейін» алгоритмімен ізгілік жасайтын бұл «Қызылқоға — құтты мекен» еріктілер тобы ауылдарды аралап, азық таратады.

«Төтенше жағдай басталғалы біз еріктілермен бірігіп, шалғай ауылдарды араладық. Барлығы жүз отбасына азық-түлік апарып бердік.



Бұл жерде адамға жақсы көңіл керек. Иә, біз көзге көрінетін үлкен қала тұрғызбасақта, кішкентай ғана ісімізбен адамдардың жүрегіне мейірім шуағынан құйылған сенім атты қорған салып келеміз» дейді қызылқоғалық еріктілерді біріктіріп жүрген Ризабек Амантайұлы.

Иә, ерікті болу — жүректің қалауы, саналы таңдау және Отанымыздың дамуына қосылған өзіндік үлес. Біз біріккен жағдайда ғана алынбас қамалға айнала аламыз. Ал ізгілік көбейген жерде әлемді мейірімділік баурайды. Біз біргеміз!

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Бейбітшілік пен келісім қоғам дамуының басты факторы және мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары екені белгілі. Еліміздің көп ұлттылығын кемшілік емес, керісінше, мемлекеттің дамуына жұмыс істейтін артықшылық әрі стратегиялық ресурс ретінде қолдану – ілгерілеудің тиімді жолы. Қазақстан халқы Ассамблеясы Алматы облыстық филиалының өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені Жетісу жерінде бүгінде 105 ұлттың өкілі қоныстанып, ортақ мақсат, біртұтас тілек, береке-бірлікпен өмір сүріп жатыр.

Облыс әкімі Амандық Баталовтың төрағалығымен Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы ел бірлігі мен татулығын нығайту мақсатында табысты еңбек етіп келеді. Жетісу жерінде ұлтаралық және дінаралық келісімді, қоғамдық-саяси тұрақтылық пен Қазақстан халқының бірегейлігін сақтау үшін біркатар нақты шаралар қабылданып, жүйелі жүргізілуде.

Килы кезеңдерде тарихи үдерістер салдарынан казак жеріне саналуан ұлт өкілдерінің қоныстануы біздің тағдырымызды сол этностармен ортақтастырды. Соған сай ұлтаралық және дінаралық әралуандығымыз қалыптасты. Басып-жаншып, отарлау саясатынан туындағансын-тегеуріндерді еңсері отырып, сан ұлт өкілдерінің панасына айналған мемлекет құраушы казак ұлтының мәмілегер мінезінің аркасында біз бүгінде біртұтас Қазақстан халқына айналып отырмыз. Айталық, аймағымыздағы өзге ұлттар мен ұлыстар тұрғысынан алғанда көбірек қоныстанған татарлардың Жетісу жеріне келуінің тарихы ұзақ. Олар кезіндегі Ақ патшаның қысымы, әскерлікке алып, соғысқа салуы, діндік жақтағы қысымы салдарынан бас сауғалап, осы өлкеде тұрақтап қалған. Сонымен қатар, біздің меценат, казак даласына алғашқы білім шырағын жаққан байлар Қазаннан, Ұфадан, Орынбордан, тағы да басқа жерлердегі оқыған, көзі ашық, діни сауатты татар азаматтарын шақырып, осы өлкеде мектеп ашып, мешіт салып, бала тәрбиелеу ісі мен баспа ісін дамытуды да жолға қойды. Олар да кейін тұрақтап қалды. Мысалы, өткен ғасырдың алғашқы жартысында Жетісу жерінде ашылған алғашқы білім ордасы Мамания мектебіндегі оқытушылардың көбі татар ұлтының өкілдері екендігі белгілі. Сондықтан Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында қоғамдық келісімді сақтай отырып, ілгерілеу, озық елдердің алдының қатарына ену — басты мұратымыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін, біраз елдер бізден үлгі алып, Ассамблея жұмысын кейіннен қолға ала бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Айта кеткен жөн, оларда бұл қолдауды қанымен сезініп, еліміздегі барлық мәдени шараларда да, қиын күндерде де қолдан келген көмегін аяған жоқ. Бәрімізге белгілі, осыдан 10 жыл бұрын Қызылағаш ауылында су апаты болғанда этнос өкілдері жұмыла көмектесті. Айталық, облыстық этномәдени орталығының төрағасы, Көксу ауданындағы «Страйтил» ЖШС директоры Александр Музикин Үкіметтің Қаулысы шығып, қаржы бөлінуін күтіп отырмастан, құрылысшылардың сұрауы бойынша кірпіш жіберіп, өз кезегінде ауылдағы үйлердің тезірек салынып бітуіне үлкен қолдау жасады. Сол ауылды тұрғызуға кеткен кірпіштің 50-60 пайызын «Страйтил» ЖШС қамдады. Сонымен қатар, облыстағы барлық этнос өкілдері жұмылып, Қызылағаш ауылындағы бұрынғы бос тұрған екі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, жастарға арналған спорт орталығын жабдықтап берді. Халыққа қызмет көрсету орталығы да этнос орталығының қайырымдылығы арқылы салынды. Оның игілігін бүгінде қызылағаштықтар көруде. Сондай-ақ, облыстық неміс этномәдени орталығы аймақтағы экологиялық мәселелермен айналысып, туризм саласының дамуына үлкен қолдау танытуда. Мысалы, олардың қаржысымен Қора шатқалындағы «Таубұлақ» демалыс аймағы ашылып, ол бір жағынан шетелден өңірімізге туристерді тарту жұмысымен айналысса, енді бір жағынан, жастарды табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, табиғат аясында көңілді демалыс өткізуді насихаттайтын түрлі шараларды ұйымдастырып, семинар, тренингтер өткізіп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Балқаш көлінің маңындағы сексеуілдер оталып, жойылуының аз-ақ алдында қалған жүз гектар аумаққа сексеуіл егіп, өсіруді қолға алды. Қазір сол сексеуілдер толық өсіп, бүлінген табиғат қайта қалпына келді.

Корей этномәдени орталығы «Тарихи Отанмен байланыс» жобасы аясында Оңтүстік Кореяның Хундие медициналық орталығымен бірлесе отырып, кейінгі үш жылда елімізде тегін емдеуді ұйымдастырып келеді. Кореяның мықты дәрігерлері осы жерге келіп сырқаттарды қабылдап, медициналық кеңес берумен қатар, жергілікті дәрігерлермен тәжірибе алмасып, курстар, конференциялар өткізіп, игілікті жұмыс істеуде. Олар Биыл корейлық және жергілікті мамандардың қатысуымен ауылшаруашылық саласына арналған халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореяның «Frent



ЕЛ БІРЛІГІ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Azia» атты құрылыс компаниясы соңғы үш жылда жалғызбасты, үйі өртеніп кеткен, жағдайы нашар отбасылардың 40-тан астам тұрғын үйін тегін күрделі жөндеуден өткізіп берді. Айта кетерлігі, бұл үйлердің барлық материалын Оңтүстік Кореядан әкеліп, құрылыс барысында Талдықорған политехникалық колледжінің студенттерін жұмысқа тартып, құрылыс материалдарын қалай қолдану, құрылысты қалай салу туралы тәжірибесімен де бөлісіп келеді.

Әрине, осындай игілікті істердің әлі талайын тізіп беруге болады. Әлбетте, этномәдени орталықтардың өлкеге жасаған жақсылықтары да ескерусіз қалған жоқ. Мемлекеттік марапаттармен марапатталып жатқандары да жетерлік. Елдің игілігін арттырып, мәдени саналандықты сақтай отырып, ерен еңбегімен мақтанышымызға айналған этнос

ректоры Қуат Баймырзаев. Өткен жылдары біраз жобаны жүзеге асырдық. Мысалы, «Рухы бекем, киелі мекен Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырып, Алакөлден Алатауға дейінгі аймақты аралап, республикалық, облыстық маңызы бар тарихи, киелі жерлерді анықтап, көркемсуретті жинақ шығардық. Сондай-ақ, этносаралық қатынасты дамыту үшін әр тоқсан сайын әр өңірде әлеуметтік сауалнама жүргізіп отырамыз. Сауалнама негізінде қай өңірде қандай жұмыс жүргізу керектігін пайымдап, жергілікті атқарушы органдарға ұсыныспен шығып, атқарылуын қадағалап отырамыз.

Халқымызда: «Тәрбие — тал бесіктен» деген нақыл сөз бар. Тәрбиенің түп-төркіні ананың ақ сүтінен басталатыны анық. Осыған орай, аналармен жұмыс маңызды орынға қойылған. Қазір аудан, қала,

үстіндегі келенсіз жағдайларды талқылап, шешім етті. Қазір кеңес агротехникалық жобаларды атқару үшін елді мекендердегі шаруа қожалықтарын бірігуге, ірілендіруге бағытталған жұмыстар атқаруда.

«Қазақтану» жобасын алғаш бастаған кезімізде әртүрлі пікір айтқандар болды. «Қазақстанда, әсіресе, қазағы мол Жетісу жерінде «Қазақтану» мәселесі не үшін керек?» деген сұрақ та болды. Ал шындығында, отарлық саясаттың кесірінен, қандастарымыздың қуғын-сүргіннің салдарынан жан-жаққа тарыдай шағылтылып тарап кетуі себепті көптеген ұлттық құндылығымыздан айырылып қалдық. Соны танып, біліп, асылдарын қайта қалпына келтіру үшін «Қазақтану» жобасын қолға алдық. Осы арқылы халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрпын жаңғырту жолында еңбектенудеміз. Бұл бағытта

қиын, бұралаң болса да, шын болуы керек. Егер біз тарихымызды шынайы жазбасақ, болашақ бұлыңғыр болады. Доктринада осы тарихты шын қалпында жеткізу керектігі алғашқы орынға қойды. Екіншісі — баршаға бірдей тең мүмкіндік. Бұл — ұлтына, нәсіліне, жынысына қарай ешкім бөлінбей, Абай хакім «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айтқандай, адамгершілік қағидатты алды. Бұл Ата Заңымызда да бекітілді. Үшінші, қазіргі ең бір өзекті мәселе — халықтың рухын көтеру, оны ортақ идеяның төңірегіне топтастыру. Біздің басты идеямыз — Тәуелсіздік, тәуелсіздікті баянды ету. Ол үшін рухымыз күшті болуы керек. Бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы — осы доктринаның жалғасы, үшінші қағидаттың негізі. Өйткені, рухымызды бекемдемесек, бүгінгі дәуірдегі ақпараттық тартыста көп нәрседен айырылып қалуымыз мүмкін. Осы тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің тарихи міндетін атқарып келеді.

Қазақ жеріндегі этнос өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап қалу мақсатында сонау 1990 жылдардың өзінде этномәдени орталықтар, бірлестіктер құрыла бастады. Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы жағдайдың күрделі болғаны белгілі. Сол тұста кейбіреулер «Қазақстандағы көп ұлт бөлшектеніп, келешегі болмайды» деген сияқты сәуегей ойлар айтып, шетел басылымдары мақала жариялап жатты. Алайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әр ұлтты белгілі бір қоғамдық институттың құрамына жинақтауды қолға алып, Қазақстан халқы Ассамблеясын өмірге әкелді. Бұл Елбасының кемел ой, ұтқыр саясаткерлігі деп бағалау керек. Сонымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, содан бергі 25 жылда жүрісінен жанылмай, бағытынан аласпай, баянды дамудың тірегіне айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі бағыты — халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтай отырып, тәуелсіздіктің баянды болып, мемлекеттің дамуына ықпал ету. Осы тұрғыдан көптеген адамдар сондай ойда болатыны анық. Алайда біздің басқа да жұмыс бағыттарымыз көп. Айталық, қазір облыстық Ассамблеяның жанында «Жетекші журналистер клубы» жұмыс істейді. Оған облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалім Идигов жетекшілік етеді. Бұл клубқа аудандық газеттердің редакторлары және өңірдегі Ассамблея жұмысы

туралы жазып жүрген, жазуға ынталанып жүрген жас журналистер тартылған. Оларға бұқаралық ақпарат құралдарымен қалай жұмыс жүргізу керектігі, материал дайындауда ескеретін жәйттер, жаңа айдарлар ашудың жолдары сияқты түрлі бағытта тәжірибе үйретіледі. «Бал тамған тілден у да тамады» дегендей, ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікке сына қататын тақырыптарға дап келгенде, оны жұртқа дұрыс қалпымен жеткізу үшін не істеу керектігі де үйретіледі. Осы бойынша апта, ай сайын республикалық және облыстық баспасөздерді қадағалап,



өкілдерінің ел дамуына қосып жатқан үлесі аз емес. Атап айтқанда, Асылы Осман, Нәзехда Лушникова сынды мемлекеттік тіл жанауырлары қазақ елінің мақтанышы. Ал жетістігімен елімізді әлемге танытқан спортшылардың еңбегі бір төбе.

Ата Заңымыз — ҚР Конституциясында барлық азаматтардың ұлтына, дініне, шығу тегіне қарамастан, тең құқықты екендігі нақты жазылған. Сондай-ақ, ешкімнің өзге адамдардың мүддесіне нұқсан келтірмеуі және өз кезегінде қолданыстағы заң талаптарын бұлжытпай орындауы баршаға ортақ міндет саналады. Өскелең ұрпақтың әртүрлі өзге діни ағымдарға ілеспей, қоғамға жат әдеттен бойын алшақ ұстауы үшін бос уақытты тиімді ұйымдастырып, мемлекеттік тілді меңгеруі, оны құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жағындағыларға құрметпен қарауы отбасынан басталатын тәрбие, әрбір ата-ананың парызы.

Қазіргі заманда атқарылған жұмысты, алдағы уақытта қолға алатын жоспарды ғылыми түрде сараптап отыру керек. Өйткені, әр шаруаның түпкі себебін толық білмей, оның келешегіне болжам жасауға келмейді. Кездескен мәселеге нақты шешім қабылдау да қиын. Осыған орай, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедрасы қоғамдық негізде жұмыс істейді. Ғылыми сараптамалық топтың төрағасы — аталған университеттің

ауылдық округтерде төрт жүзден астам аналар кеңесі облыстық Ассамблеяның жанында жұмыс істейді. Біз сол аналар арқылы береке-бірлікті, ынтымақты сақтау мәселесін, мемлекеттік тілді үйрету жолдарын насихаттап отырамыз. «Ана бітімгер» жобасы арқылы отбасы құндылығын сақтауды қолға алдық.

Отбасы құндылығын сақтауда тынымсыз еңбектеніп жүрген Сарқан ауданындағы Гүлшаруан Қалиева деген апамыздың игілікті ісін таратып айта кетуге болады. Ол кісі ұзақ жылдар білім саласында жұмыс істеген. «Ана бітімгер» жобасы аясында көптеген жас отбасыны ажырасудан сақтап, берекелі өмір сүруге жол көрсетті. Қазірде жергілікті АХАЖ бөлімі ажырасуға арыз жазғалы келгендерді бірінші сол кісіге жібереді. Ол кісі олармен кездесіп, әңгімелесіп, себебін анықтап, ақыл-кеңесін айтып, татуластырады. Бүгінге дейін төрт жүзге жуық бала сол кісінің арқасында тірі жетімдіктен құтылды. Біз осы тәжірибені басқа аудандарда да үлгі ретінде қолдануға көштік. Талдықорғандағы Салтанат сарайының директоры Наталия Хаменконы да облыстық Ассамблеяның мүшелігіне қабылдап, жастар үйленген кезде неке куәлігін беріп қана қоймай, ардақты аналарды шақырып, ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп тұруын тапсырдық.

Қоғамдық келісім кеңесі облыстық Ассамблеяның жанына құрылып, жұмыс істегелі біраз жыл болды. Оны бұрынғы ҚР Парламенті Мәжілісінің

өткен жылы «Қымызмұрындық» деп аталатын шараны бастап, ауыл, аудандарды аралап, бір ғана «Қымызмұрындық» арқылы халқымыздың көшпелі өмірінен қалыптасқан ұлттық тағамдарымызды, сондай-ақ тұлып, саба, көнек, саптаяқ, тағы да басқа құрал-жабдықтарды, тұрмыстық бұйымдарды насихаттауға мүмкіндік болды. Өткен жылы «Сірге мөліртер» шарасын бірінші рет өткіздік. Мұны бір жерлерде «Сірге жияр», тағы да басқаша атайды екен. Біз «сірге мөліртер» дегенді жөн деп таптық. Сонда бір байқағанымыз, қазақ халқының өзінің өткен балаларының өміріне деген ынтызарлығының тереңдігі. Осы барыста «Үздік келін», «Үздік ене», тағы да басқа аталымдар бойынша жүлдегерлерді анықтап, жұртты шабыттандырдық. Бұл алдағы уақытта да жалғасын алады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы алғаш құрылған күннен бастап, елдің ертенгі күнге деген сенімін оятты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында ұлттық қатынастар жайлы ел арасында түрлі өңгіме өріп жүргенде Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру арқылы алып-қашпа өңгімеге нүкте қойып, Қазақстан біртұтас мемлекет болатынын нақтылады. Сондай-ақ, Ассамблея жұмысы заң тұрғысында негізделді. Ассамблеяның мақсаты, міндеті, жұмыс жоспары «Ел бірлігі» доктринасында талқыланып барып бекітілді. Бұл доктринаның үш қағидаты бар. Біріншісі — біздің ортақ тарихымыз. Тарих қаншама қасіретті,

мониторинг жасап, қанша мақала жазылып, бейнесөздерді эфирге шығарылғанын біліп отырамыз.

Еліміздегі тұрақтылық пен халық бірлігі, бейбіт өмір — мемлекет дамуының негізі. Ассамблеяның құрылған кезінен бергі уақытта қазақстандық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің моделі қалыптасып, әлемге танылды. Биыл олар ширек ғасырда жеткен жетістіктері мен атқарған шаруаларын қорытындылап, таразылауды мақсат етіп отыр. Аталмыш ұйым Жетісу жеріндегі өркенді істердің бастамашысы болды. Биыл Ұлы Жетістің 75 жылдығын атап өткілі отырымыз. Сол соғыс жүріп жатқан кезде балкар, ингуш, шешен, түрік, грузин, тағы да басқа ұлт өкілдері Кавказдан жер аударылып, осында келген. Сол тұста Қырғыз Шығыстан жер аударылған қырыс Қаратал ауданына келіп, тұрақтап қалды. Тын көтерімесіз деп, тағы да басқа себептермен қолданып бар. Демек, біздің аймақтағы 105 ұлт пен этностың өзіндік келу тарихы бар. Сонымен бірге, жүзден астам этносөкілдері мекен еткен Жетісу жерінде бейбіт, тату өмір сүрудің мол тәжірибесі де қалыптасты. Ел болып бірлесіп, өмірдің бар қызығын бірге көріп, бейбіт еңбек етсек қана ертенгі күннің жарқын болары сөзсіз.

Ғабит ТҮРСЫНБАЙ,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі

Тағдырдың талай талқысынан өтіп, көптеген қиындықты басынан өткерген халқымыз көргені мен көңілге түйгенін мақал-мәтел, қанатты сөз ретінде кейінгіге қалдырып отырған. Бұл жөнінен халық мұрасы өлшеусіз байлыққа ие. Мысал ретінде Жаратқан Алла Тағаланың атынан айтылатын «Сақтаңсаң – сақтаймын» деген сөзді алайықшы. Түсінген адамға: «Ей, адам баласы, өзіңді қауіп-қатерге салма!» деген бұйрықты айтып тұр емес пе? Сондықтан, қазір елімізде қабылданып жатқан сақтық шараларына бей-жай қарауға болмайды.



Күллі әлемді дүрліктіріп, халқының саны миллиардтармен өлшенетін мемлекеттерді аландатқан

бұл халықтың игілігі үшін жасалып отырған қадамдар. Әуелден «Бірінші байлық – денсаулық» деп тәннің

ұғынып, ағайын-туысының, отбасының, бала-шағасының қауіпсіздігін сақтауы тиіс.

Бұл шынында қажеттіліктен жасалып отырған шара. Сондықтан оны дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауымыз керек. Өйткені, кәсіпорындардың жұмысын тоқтатып, өндірістің дамуын тежеу мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан алғанда тиімсіз. Сол себепті, жауапкершілікті әркім терең сезініп, ел мен жердің амандығы үшін салынған тыйымды дұрыс қабылдауымыз қажет.

Осындай қиын күндерде еліміздің барша азаматтары көптеген игілікті істердің ұйытқысына айналып отыр. Төтенше жағдай енгізілген

күннен бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы белсенділерінің күшімен 20 мыңнан астам бетперде тегін таратылды. Одан бөлек, Ассамблея мүшелері күнделікті қайырымдылық шараларын өткізіп, мұқтаж жандардың жай-күйін біліп, аса қажетті тауарларды жеткізіп берумен айналысып келеді.

Өз басым Талдықорған қаласындағы екі отбасыға кіріп, азық-түлік себетін таратып шықтым.

Шынын айтқанда, канша отбасыға каншалықты көмек көрсетілгенін тіркеп, арнайы жазып отырған

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



COVID-19 вирусы расында адамзат үшін аса қауіпті індеттің біріне айналып отыр. Соған орай Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты сабырға шақырып, індеттің кеңінен таралмауы үшін үйден шықпай отыруды тапсыруы сол індетті тоқтату жолындағы өте маңызды қадам деп білемін. Өйткені, бізге қазір әрбір азаматтың амандығы, әрбір отбасының бүтіндігі аса қажет. Сол себепті, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында карантин жариялап, тез таралатын дерттін алдын алу мақсатында жасалып жатқан шаралардың өте керекті екендігін ұғыну аса маңызды деп білемін. Турасын айтқанда,

саулығын алдыңғы орынға қойған халқымыз: «Көзің ауырса қолыңды тый, ішің ауырса аузыңды тый» деп өскелең ұрпақты тыйымдармен тәрбиелеп, өмір жолына қажетті бағыт-бағдар беріп отырған. Міне, қазіргідей жұқпалы індет тарап жатқан кезде басы артық жүрістен тыйылу, үйден шықпай отыру мемлекет жүктеген міндеттің бірі екендігі белгілі. Тіпті, адамдарды уақытша қызметтен босатып, қауіпті аурудың таралуын болдырмау үшін өндіріс орындарының жұмысын тоқтатқандығы да сол мақсаттан туындаған маңызды шешім деп білу керек. Осындай кезеңде әрбір азамат өзіне артылған жауапкершілікті дұрыс

жөкпыз. Өйткені мұндай қайырымдылық шаралары айқайлап айтпай-ақ істелуі тиіс. Осыны жақсы ұғынған Жетісу жеріндегі Ассамблеяның мүшелері, кәсіпкерлер өздерінің кәсіпорындарында жұмыс істейтін қызметкерлеріне күнделікті киетін бетпердеден бастап, қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету сынды көмектерді көрсетіп келеді. Мұның өзі халқымыздың «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген тәмсілінен бастау алатынын айта кеткен жөн.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бірліктің туын берік ұстап, барлық ұлт Достық пен татулықта өмір сүруі керектігін жиі айтады. Расында, бірлігі бекем елдің келешегі кемел болатынын сан рет көріп, көңілімізге түйіп жүрміз.



Осы орайда ҚР Тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы директоры Адилия Қоржымбаеваның басшылығымен жақсы жетістіктерге жетіп жүргенін айта кеткен жөн. Кейінгі кездері ата-бабаларымыздың өткен өмірінен сыр шертетін құнды дүниелер, бүгінгі таңдағы шеберлер жасаған өнер туындылары, қоғамдық ұйымдар тарапынан сыйға

тартылған құнды қолжазбалар мен кітаптар орталығымыздың қорын толықтыруда. Әсіресе, өткен жылы жәдігер жинаушы, колөнер шебері Әуесхан Мажайқызы көзінің қарашығындай сақтап, бүгінге жеткізген біраз жәдігер мен өзі жасаған бұйымдарын сыйға тартып, орталықтың қорын көбейте түсті.

Бұл игілікті іс әлі де жалғасуда. Әрине, туған жер канша алыста жүрсең де, өзіне

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

тартып тұратыны анық. Оған жуырда «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына Ресей Федерациясының Қарашай-Балкар автономды аймағынан келген делегациямен кездесу барысында көз жеткіздік. Шара аясында ресейлік спортшы, жана құрылған халықаралық АСА ұйымының аралас қоян-қолтық жекпе-жегінің чемпионы Альберт Туменов ата-анасымен бірге туған ауылы Шамалғандағы

жерлестеріне алғысын білдіріп, орталыққа құрметін көрсетіп қайтты.

Шамалғандықтар да жерлестеріне ыстық ықылас білдіріп, қуана қарсы алды. Осы орайда, алыстан келген қонақтар орталыққа арнайы келіп, жәдігерлерді тамашалап, Елбасының тәуелсіз елдің тарихындағы игілікті істерімен танысты. Сондай-ақ, кездесу барысында Туменовтер отбасы орталыққа

Альберт Туменовтің чемпиондық белбеуімен қатар, балкар халқының жамылғы шапанын, бас киімі мен қанжарын сыйға тартты. Бұл құнды жәдігерлер «Атамекен» орталығының қорын байыта түсті.

Мұндай игілікті іс алдағы уақытта да жалғаспақ.

Алпамыс ӘБУ,
«Атамекен» тарихи-мәдени орталығының қызметкері

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жарқын оқиғалардың бірі 1995 жылы 1 наурызда жаңа этнос аралық қатынастар институты– Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы дер едім. Құрылған күннен бастап барлық ұлттық-мәдени орталықтар мен этнос өкілдерінің басын қосып, бір мақсат – ынтымақ пен келісім аясында біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруда маңызды қадам болды. Өйткені, еліміз үшін сол тұста бейбітшілік пен тыныштықты сақтау өте қажет еді.



ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер диалогының бірегей еуразиялық үлгісіне айналғанын атап өтті.

Расында Ассамблеяның облыстық бөлімшелері мен этномәдени орталықтар бүкіл әлемге әр түрлі этнос өкілдерінің бейбітшілікте, достық пен келісімде өмір сүріп, ынтымақтаса тіршілік ете алатынын дәлелдеді.

Токтаусыз зырлаған уақыт Ассамблеяның этностарды біріктірудегі, өзара құрмет көрсетудегі, шыдамдылық танытудағы, ұрпақтар сабақтастығындағы рөлі каншалықты маңызды екенін көрсетті.

Құрылғанына биыл 25 жыл толып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы тұрақты даму жолынан өтіп, халықтық дипломатия институтына айналды. Ұлы Дала еліне тағдыр төлкегімен келіп, өсіп-өнген, үрім-бұтағын жайған 130-дан астам этностың басын қосатын бұл институт республиканың тұрақтылығы мен үдемелідамуын сақтауда үлкен рөл атқарды. Еліміздің этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табыстылығын бүкіл әлемге көрсетті.

Жетісу жеріндегі тұрақтылық пен тыныштықтың ұйытқысына айналып отырған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамның мызғымас құндылықтарын насихаттауға арналған көптегеніс-шара өткізуде. Атап айтсак, «Қазақтану» жобасы бойынша ұйымдастырылған дәстүрлі «Сірге мөлдіретер» және «Қымызмұрындық» мерекелері аясында облыстың 15 ауданынан келген әртүрлі этнос өкілдері мемлекеттік тілде Мұқағали Мақатаевтың өлендерін оқып, мақал-мәтел сайысына қатысты.

«Нұр Отан» партиясы ұйымдастырған және ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған «Ортақ Абай» байқауына мектеп оқушылары қатысып, өз шеберліктерін танытты. Абай Құнанбаевтың әндері мен өлендерін жатқа оқыған балалардың бәрі де түрлі этностардың өкілдері. Шынында бүгінгі күні облыстағы өзге ұлт өкілдері қазақ тілін жетік меңгеріп, емін-еркін сөйлей алады. Оған республика деңгейінде өткізілген іс-шаралар дәлел. Тіпті түрлі байқауларға қатысып, қазақ тілінен жеңімпаз атанып жүрген этностардың жетістігі – Қазақстан халқы

Ассамблеясының ширек ғасыр ішіндегі қажырлы жұмысының нәтижесі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағалары да қазақ тілін дәріптеу мақсатында аянбай еңбек етеді. Әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Асылы Осман, республикалық «Қазақстан-Корея» достық қоғамы облыстық филиалының төрағасы Клара Хан, Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов, корей этномәдени орталығынан Владимир Ли қазақ тілінің жанашырлары болып танылды.

Алматы облыстық Достық үйінде мемлекеттік тілді меңгеруге арналған «Қазақ тілі» орталығы да тегін жұмыс істейді. Бұл басқа этностар арасында мемлекеттік тілді дамытуға ықпал етері анық.

Тұрақты жүргізілген сарабал саясат пен қарқынды жұмыстың арқасында әрбір азамат этикалық немесе діни ұстанымына қарамастан, Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқығымен бостандықтарын толық иеленуінің арқасында ерекше сенім, ынтымақтастық және өзара түсіністік ахуалы қалыптасты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қарқынды қызметі Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар мәселесін тиімді шешетін елретіндегі халықаралық беделінің өсуіне ықпал етіп келеді. Көп жағдайда ҚХА азаматтардың теңдік принциптерін ғана емес, сондай-ақ басқа елдерде сирек кездесетін еркін діни сенім құқығын да қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда әлемдегі беделі бейбітшілік пен келісімді сақтауға ынталандыратын ұлттық саясаттың арқасында асқақтап тұрған Қазақстан Республикасының мұндай жетістікке жетуіне ұлтаралық қатынасты, мәдениет аралық диалогты нығайтуға үлес қосқан Қазақстан халқы Ассамблеясының ықпалы зор.

Алдымызда үлкен және жауапты жұмыс тұр. Кемелдікке жетелейтін жаһандық емтиханнан өту үшін біз ұйымшыл болуымыз керек. Бірлігіміз бен достығымызды сақтауымыз қажет. Сондықтан азаматтар арасындағы татулық пен сенімді нығайтуға тиіспіз. Бұл тыныш та бейбіт болашақтың кілті.

Төнірберген ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ,
ҚР мәдениет қайраткері, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры

ЕЛДІҢ АТЫН ЕР ШЫҒАРАДЫ

Жыр-дастанның келесі бір қыры, ол «Қазақтың топонимдік фольклоры» тұрғысынан алып қарағандағы құндылығында. Мәселен, бір ғана мекендік аңыздар (*әнсаналар, хикаяттар, әңгімелер*) белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың

бір жыл өткен соң қасына он жігітті ертіп, Іледен өтіп, Шелекті өрлеп, Қора досымен кездесіп, Қатын төренің ағасы Күріте байдың киелі құла төбелі атын қолға түсіріп, Жіңішке сайын өрлетіп айдап Алатау бөктеріне қарай Далашықтың тұсынан Аманжол асуымен асырған. Күріте сайы, Күрімте қазіргі Күрметіге келеді.

Шын мәнісінде, жер-су атаулары туралы халық шығармаларының ел тарихына қатыстылығы, әр кезеңдерде өмір сүрген хан-сұлтандар, би-шешендер,

карамай, анырап қашады. Бұл соғыс тарихта «Анырақай шайқасы» деп аталады. Ал ыңыранып жатқан жаралы жаудың көптігінен осы мекен кейін Ыңыранды атанып кетеді. Осы Ұлы жеңіске үлес қосқан хас батырларының ішінде Албанның Ер Әжібай мен Шағаман батырлар да бар еді.

Жоңғар қалмақтары қазақтан жаулап алған жерлерде қоныстанып қалып отырған. Солар тұрған, не өлген жерлер бір ғана Алматы облысының өзінде әлі күнге Тастақ, Кастек, Боралдай, Баянқол, Қордай, Шамалған, Қаскелең, Түрген, Қорам, Курті, Мұқыры, Күрімте, Кеген, Шонжы атымен аталуда. Ондай жерлер Шығыс Қазақстанда да кездеседі. Мысалы, Күршім, Тарбағатай, Қалбатау, Қалғұты т.б. Жалпы, қазақ қоғамы үшін оларды басып алған жерлерден қуып шығу онайға түскен жоқ. Бұл жан алысып, жан беріскен, тағдырлы кезеңде Албаннан шыққан «Ер Әжібай» бабамыздың ерліктері мен батырлығы тарихта өз бағасын алуы тиіс.

«Ерлік — елге мұра, ұрпаққа үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы — біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр, тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, Жеті

Зона батырымен кездесуі жырла төмендегіше суреттеліп, баяндалады:

*Зонаға Әжібай ер қарсы барды,
Өтеген мұны көріп қайта айналды.
Екі дау бір-бірімен қарсыласып
Аямай бір-біріне найза салды.
Шанышты бірін-бірі аямастан,
Бірі-кеуде, біреуі шанышып бастан.
Зонаның жүрегіне кірді найза,
Мунан соң Әжібайдың күші асқан.
Жығылды естен танып Зона батыр,
Басына түскеннен соң заман ақыр.
Найзаны қайта тартып алғаннан соң,
Сыртына ішек-қарны шығып жатыр.
Зонаның астындағы атын алды,
Сол жерде Зона батыр дүние салды.
«Танып қой бұдан былай,*

*жау қалмақтар,
Мен — қазақ Әжібай!»* —деп айғай салды. Жеңістен рухтары көтерілген игі жаксылар осы ұрыстан кейін оны «Ер Әжібай» деп атап кетеді. Сондай-ақ оның майдан даласында өзін-өзі ұстауы, өзінің атын ұран ретінде шақыруы сияқты кейбір детальды дүниелер жырда нанымды осылайша сипатталады.

«Ер Әжібай» жыр-дастанын оқып отырып, оның қадір-қасиетін «Шығыстың бекзадасы» атанған Салах ад дин Юсуф ибн Аюбпен салыстыруға келеді. Ол Мысыр мен Сирия (1171-93) сұлтаны болған күрд мұсылманы. Үшінші крест жорығына қарсы мұсылмандарды басқарған. Білігінің шарықтау кезінде өзі негізін қалаған Аюбид династиясы Мысыр, Сирия, Ирак, Хиджаз және Йеменді билеген. Ол крест ұстаушыларға мұсылмандар қарсылығын бастап, ақырында Иерусалим крест ұстаушылар патшалығы құрсауынан Палестина бөлігін босатады. Сол себептен де, ол араб әлемінде, мұсылмандар, күрдтер үшін де танымал ірі тұлға. Салах ад дин қатаң түрде Исламның сүннетін ұстанған. Ол ешқашан жеңілген жауларын жәбірлеп, өлтіріп немесе қинаған емес. Оның жалпы батырлық, сонымен қатар мейірбандық қасиеттерін христиандық тарихшылардың өздері, әсіресе Моабтағы Керакты қоршауға алғанда, ерекше атап көрсетеді. Өкінішке қарай, біздің тарихымыз аз зерттелгендіктің салдарынан осындай мәселелер әлемдік емес өз тарихымызда да күн тәртібіне қойылмай келеді.

Ер Әжібайдың тұлғалық қадір-қасиетін бағалауда сөзіміз дәлелді болу үшін қалмақ батыры Зонаны жекпе-жекте жеңгеннен кейінгі кезеңді көз алдымызға келтіріп, дастанның үзіндісіне көңіл аударып, соған тоқталайық.

*Барлығы қонып жатты, дамыл алып,
Зонаның көрін қазды жігіт барып.
Ақ тасқа суретін сап өрнектемін,
«Ер Зона — қалмақ руы»*

деп қойды жазып.

*Бір жылқы «қонақасы» деп сойды бұған,
«Жігіт қой бұ да біздей батыр туған.
Ер жолы осылайша болады», — деп,
Бұрынғы батырлардың жолын қуған.
«Қалмақтың батырының қабірі» деп,
Басына тастан ойып белгі қойды.
Қорғастың жағасында қазір де бар,
Аппақ боп көрінеді мұнаралар.
«Қалмақ қорған» деп қазір аталады,
Осылай атап кеткен көп адамдар.
Ол өзінің жауына да құрметпен қарай
білген, жеңістің дәміне масайрамай,
Әжібай өзі жеңген Зонаны батыр
еді, — деп, мұсылмандық дәстүрде ас
беріп, арулап жерлейді. Басына тастан*



ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсат — ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету.

ӘЖІБАЙ ТОҒАНЫ

Енді жаугершілік кезеңнен кейінгі мезгілдегі қызметіне тоқталар болсақ, олда, әрине, бір төбе. Құба қалмақтар жөңкіле қашқан кезде Әжібай батыр Сарыарқаға, Қаратауға, Түлкібас пен Қазықұртқа бытырай ауып кеткен Ұлы жүз қазақтарын атамекені Алатауға қайта жинап, мал шаруашылығымен, егіншілікпен, бау-бақша егумен айналысуға жөн сілтеп, жол көрсетті.

Ол жаугершілік заманнан кейінгі, бейбіт кезеңдері шаруашылықпен, егіншілікпен, бақташылықпен айналысып Түрген өзенінен тоған

сол атауларға байланысын баяндайтын халық әңгімелері болғанымен, олар қазақтың ауызша тарихында айрықша орын алады. Себебі әрбір тау мен тастың атауы тегін қойылмаған, олардың жеке-жеке деректік аңызы бар. Олардың ұлт тарихын қалыптастырудағы маңызы өте зор. Академик С.Қасқабасов: «Топонимдік деп біліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрындағы шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимдік сипатта болуы мүмкін. Сондықтан

батыр-бағландар, акын-жыраулар сынды танымал тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне байланыстылығы терең зерделеніп, олардың ұлттық тарихта алатын орны дәлелденді, тұжырымдар негізінде айқындалды.

«АҢЫРАҚАЙДАҒЫ»
ӘЖІБАЙ БЕЙНЕСІ

Жыр-дастан сюжетінде көрсетілгендей, Шонжыны қалмақ шауып, Ескене ауылын талқандайды. Әжібай батыр

екінші рет қолға түседі. Оны Өтеген батыр мен Мамыт кербек мерген мылтықты қолданып, құтқарып алады. Ол туралы жыр-дастанда:

*«Шонжыны қалмақ келіп
шапты, — дейді,
Талқандап Ескене ауылын апты, — дейді.
Тездетіп батырларға хабар қылып,
Шапқышы Әжібайға айтты, — дейді.
Аттанып ер Әжібай жүріп кетті,
«Қалмақтан қайырам» деп осы кекті»* — деп келеді. Соғыстың нәтижесінде Әжібай батыр бастаған сарбаздар Шонжы елінің малдарын қайтаралды.

Ер-Әжібай Ташкенттегі Сардар ермен бірігіп, өзбек қырыз батырларымен



тізе біріктіре отырып, жоңғар қонтайшыларының есенгеріей жеңіліп, артка шегінуіне мәжбүр етеді. Бұл кейін ел аузында «Жоңғар көрге кірген тоғай» — дегенді білдіріп жер аты «Көртоғай» аталып кетеді. Ер Әжібай бастаған қазақ сарбаздары жаудың есін жиғызбастан, жоңғарларды Текес өзенінен бір-ақ өткізеді. Нәтижесінде, Алатаудың баурайындағы жау ел аймағынан қуылып тасталады.

Ал жалпы қазақтың басын біріктірген Шу бойындағы шайқаста ойсырай жеңілген жоңғар әскері алды-артына


*«Шелектің қаласының тау жағында
Сол жерде бір ауыл бар Қорам деген.
Қораның мекен еткен егін жері,
Қалмақтың қайратты бір, асқан ері.
Қазір де «Қорам» колхоз деп атайды,
Батырдың отыратын жері еді.
Атымен Қора батыр кеткен өзі,
Қариялар әңгіме қып айтар сөзі.
Бұрынғы сол батырдың атыменен
Аталып әлі күнге жүр ғой өзі»* — деп келтіреді.

Дастан бойынша, Мұқыры, Көксу бойында Найманбай өмірден өтіп, ас беріп жатқан кезде Әжібай батыр келеді. Яғни сол кездері олардың мекендеген территориялық аймағын көрсетеді. Ағасы Алтай би көрімдікке кіреуке шапанын Өтеген батырға сыйға тартқан жер.

Асы жайлауы мен Алла (*Ала*) тауының күнгеіі мен теріскейін жаз ортасына дейін жайлаған Әжібай мен Өтеген арада

белгі қояды. Өркениеттің тілімен айтқанда, заманының джентельмені. Осы бір іс-әрекетінің өзі бүгінгі әлемдегі 40 миллионнан астам күрд мұсылмандарының мақтанышына айналған өйгілі крест жорығында христиандар арасында «Шығыстың рышарі» атанған Салахаддиннен ешбір кем емес. Бұл Ер Әжібайдың бір ғана бекзадалық қасиеті.

Жомарт СІМТІКОВ,
*тарих ғылымдарының кандидаты,
саяси ғылымдардың докторы*



Волонтеры эжеі көмекке асығады

«Ерікті болу – адамның жүрек қалауы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. Өте жақсы бастама. Өйткені еріктілердің жұмысы оңай емес».

«Мирине» қоғамдық қорының төрайымы, экономика ғылымының докторы, «Алтын жүрек» ұлттық сыйлығының иегері Күләш Сәрсембаева сөзін осылай бастады.

Өз басындағы қиыншылыққа да қарамаған Күләш әжей адамдарға жақсылық жасауды алдына мақсат етіп қойыпты.

Менің бұл кісімен таныстығым да қызық. Жұмыстан қайтайын деп жиналған сәтім еді. Есік ақырын ашылып, аяғының басқан дыбысы да естілмей, жүзі жылы әжей кірді. «Рұқсат па, мен осы қабаттағы зангерге келіп едім, күте тұрсам бол ма?» деп өзінің сыпайылығын байқатты. Арқасында дәу кара рюкзак. Қолында екі үлкен пакеті және бар. Жөн сұрасу барысында бұл кісінің волонтер екенін білдім.

«Мен 1985 жылдан бастап ерікті болып келемін. Сол жылы 28 панфиловшы

ардагерлерінің қоғамдық қоры құрылды. Сонда белсенді болғам. Соғыс ардагерлерімен көп араластым. Ол кезде көбісінің көзі тірі, керемет адамдар еді. 2010 жылы «Мирине» қоғамдық қорын құрдым. Ленинградта оқып жүргендегі сынып жетекшісінің құрметіне осылай атағанды жөн көрдім. Өйткені мен 14 жасымда үлкен қалаға оқуға кеттім. Анамды 2 жылдан астам уақыт көрмедім. Тек анда-санда хат жазысып тұратынбыз. Қазіргідей телефон да жоқ.

Жырақта жүргенде мені анамдай мәпелеп, жақсы білім берген, көп әдеби кітап оқу керектігін, мәдениет пен өнерді сүйюі үйреткен Мирине апайым еді. Сыныпта бәріміз апайымызды Мира Наумовна деп атайтынбыз. Кейін хат жазысып тұрдық. Бір хатының соңында Мирине деп жазып жіберіпті. Осы толық аты болған ғой деп түсіндім. Өте білімді, мейірімді, рухани бай жан болатын. Сөйтіп «Мирине» қорын құру үшін 3 жылдай уақыт кетті. Құжаттарды жоғалтып, қайтадан жинаудың өзіне бір жыл жұмсадым. Қорды тіркеу үшін де қомақты қаражат керек болды», — деп Күләш әже әңгімесін тарката түсті.

Қор құрылғалы 10 жыл да зымырап өте шығыпты. Әу бастан қауқары кем ардагерлер мен қаражат аз зейнеткерлерге, соғыс ардагерлері мен тылда жұмыс істеген майдангерлерге, Ауған соғысының ардагерлеріне, мүгедек адамдарға қол ұшын созулы мақсат тұтқан. Күләш әжей үлкен фирмалар мен ірі компаниялармен келісімшартқа отырады. Көмек сұрап, хат жазады.

Қор жоғары санатты дәрігерлердің жәрдеміне де мұқтаж. Өйткені қамқорлығына алған жандардың арасында түрлі дертке шалдыққандар да жетерлік. Сондықтан білікті де, білімді дәрігерлерді іздеуден тынбайды.

Оған қоса, әлеуметтік көмек көрсетеді. Сүт тағамдарын апта сайын алып тұратындар бар. Не болмаса, еріктілер оларға өздері жеткізіп береді. Бір қызығы, бұл қордағы еріктілердің көбі — зейнеткерлер. Арасында жастар да көмектесіп тұрады.

«Ұлы Женіс күнін жыл сайын жақсы мейрамханаларда атап өтуге тырысамыз. Мейрамханалар тегін тамақтандырып қана қоймай, сыйлығын да жасайды. Әншілерді де шақырамын. Тек мейрамда ғана емес, апта сайын келіскен мейрамханалар мен кафелерде 3-4 адам болып бас қосып тұрамыз. Үлкен адамдар үйден шыға бермейді ғой. Осындай кездесулер карттардың көңілін көтереді. Болып жатса, тегін шипажайлар мен концерттерге, киноға да баруға мүмкіндік жасаймыз.

Уақыттың бәрі осындай мәселелерді шешуге кетеді.Әрине, жақсы адамдар көп кездеседі, сыйлайды, алғыстарын айтып жатады», — дейді Күләш әжей.

Былай қарағанда, көзге көрінбейтін жұмыс. Бейнеті мол. Өйтсе де, қор қанатына алған әрбір жанның тіршілігін сәл де болса жеңілдетсе, соның өзі қуаныш.

Бүгінде Президентіміздің еріктілерге көңіл бөлуі — тамаша бастама. Ақы төленбейтін жұмыстан бас тартпайтын жастардың қатары көбейді. Волонтерлік салада тәжірибесі мол әжейдің жастарға айтары бар:



«Ешқашан мойымау керек. Жас кезімде Ленинградта оқып жүргенде, бір кісі «Адам не ақылды, не мейірімді болу керек. Егер ақылды болмаса, онда мейірімді адаммен дос болыңыз» деп еді. Сондай адамдарды таңдап, айналама жинай алдым. Жастарға да айтар ақылым осы».

Ал волонтерлік жолға қалай келгенін сұрағанымда, ол былай деп жауап берді:

«Өмірде адамды алға жетелейтін ұстанымы мен ұраны болу керек. Диссертациямды қорғайын деп жатқанда, жұмыстан шығарып жібергені жанымға қатты батты. Қара түн. Не істерімді білмей, Абай атамның ескерткіші алдында отырып таң атқанша жыладым. Сол кезде өзіме



«Біз 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жарияладық. Бұл игі істердің бастауы болады. Мұндай шаралар қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты нығайту үшін керек.

Адамдарға шын ниетімен көмектесіп, қоғамға адал қызмет ету. Еріктілердің бойындағы қайрат, жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Бұл ең алдымен өркениетті елдің және зор жауапкершіліктің белгісі.

Волонтер болу — жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі»

Қ.ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті

«Маған адамдар көмектеседі» деп өз-өзімді жұбаттым. Маргарет Митчелдің «Унесенные ветром» деген шығармасында бас кейіпкер қиын жағдайға түскен кезде «Таң да атар, ертең жана күн туар» демеуші ме еді? Адам басына іс түскенде өліп кетуі де мүмкін. Сондықтан балаға кішкентай кезінен дұрыс тәрбие беріп, үйрету керек. Осындай кезде әр адамға күш-жігер, қуат беретін өмірлік ұстаным қажет болады».

Ғалия ҚАЛИЕВА

Қарияларды қолдау - парыз

Карантин кезінде ардагерлер елеусіз қалған жоқ. Алматыда соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балаларының кеңесі қоғамдық қоры «Соғыс ардагерлері COVID-19-ға қарсы» шарасы аясында карттарға көмектесіп жатыр. Олар «Дегдар» қорының қолдауымен зейнеткерлерге күнделікті дәрі-дәрмек пен қауіпті кеселден сақтайтын қорғаныш заттарын тегін жеткізіп беруде. Бұл үшін гуманитарлық қор үш жарым миллион теңгеден аса қаржы жұмсаған.



Демеуші тарапынан алынған медициналық заттардың ішінде зейнеткерге қажеттінің бәрі бар. Дәрі-дәрмекпен қоса, қауіпті дерттен сақтайтын қорғаныш құралдары, дене қызуын өлшейтін құрылғылар да қамтылған. Қор қызметкерлері қатары күннен-күнге сиреп бара жатқан қарияларға қолдау білдіру перзенттік парызымыз деп есептейді. Осы орайда Алматы қаласы Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары кеңесі қоғамдық қорының менеджері Дәрия Ысқакова былай дейді:

«Барлығы қария адамдар. Үйден шыға алмайды. Көбі төсек тартқан. Ардагерлерді бұрыннан танимыз, білеміз. Олармен апта сайын сөйлесіп тұрамыз. Жағдайы қалай, кімге қандай дәрі керек, бәрінен хабардармыз.

Дерт дендегелі қайырымдылық қорындағылар күніне 10-нан аса үйді аралайды. Бұл көмекке ардагерлер де дән риза. Тыл ардагері Әлима Тынысбекова: «Қиыншылық заманда



адамдардың ұйымшыл болғаны жақсы. Осындай қиын уақытта келіп, қолдау жасағанын көріп, келешекке сеніммен қараймыз. Өз басым жастарға ризамын. Тілейтін — аспанымыз ашық, елімізде тыныштық болсын», — деп алғысын жаудырды.

Қайырымдылық қоры «Соғыс ардагерлері COVID-19-ға қарсы» шарасы аясында 82 зейнеткерге дәрі-дәрмек, қорғаныш заттарын апарып беруді жоспарлаған.

Салтанат ШЫРЫНХАН



ҚМДБ-ның жанындағы «ЭКЕТ» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

АТТЫ ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ

«Біз біргеміз, берік біргеміз!»

Құрметті Жетісу жұртшылығы! Карантиндегі Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларындағы мұқтаж жандарға көмек қолын созуға шақырамыз!

ҚАБЫЛДАНАТЫН КӨМЕК ТҮРЛЕРІ





АЗЫҚ-ТҮЛІК, ҚОРҒАНЫС МАСКАЛАРЫ
(бұзылмайтын түрлері. Мысалы: ұн, күріш, май, қант т.с.с.)

ҚАРЖЫЛАЙ KASPI GOLD 8 747 193 03 98
(ИИН 93 09 07 300 094 Нұрсұлтан Нұржолжаулы Е. 5169 4931 4115 8132)

«Кім қиындыққа тап болғанның жағдайын жеңілдетсе, Алла оның ісін осы дүниеде және арғы дүниеде жеңілдетеді» (Мұсылм)

Қабылдайтын орын: Талдықорған қ. 3 ықшама ауд. "ИМАН" орталық мешіті
30 наурызға дейін

Байланыс үшін: 8 701 755 3146, 8 747 193 0398



Халыққа көмек

Жетісу жерінде жалғасқан «Жүрек жылуы» атты республикалық шара аясында мұқтаж, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға азық-түлік таратылуда. Талдықорған орталық «Иман» мешітінен 150-ге жуық қорап үйді-үйге жеткізілді.

Қазір жиналған қор 400 отбасыға арналған. Бәрі бірден жеткізілмей, кейінгі уақытта да таратылып тұрмақ. Бір қораптың ішіне асбұршақ, түтік кеспе, қарақұмық, ұн, шөй, сұйық май, күріш, қант секілді аса қажетті азық-түлік салынған. Қорап мешітке келіп түскен өтініш бойынша және қала әкімдігінде тізімделген отбасыларға таратылады. Қайырымдылыққа қала тұрғындары ғана емес аудан, ауыл адамдары да өлшеусіз үлес қосуда.

— Ең әуелі Алла Тағаладан еліміздің амандығын сұраймыз. Басымызға түскен қиындық тез арада елімізден кетсін деп тілейміз. Осындай қиын-қыстау кезде қанша уақыттан бері мешітке келушілер тоқтаса да, құлшылық, ғибадат, жасамаған намаз оқылмаса да, қиналған халыққа қол созу тоқтатылмады, — деген Талдықорған өңірінің өкілі имамы Ардақ Оразбаев қайырымдылық шарасы аймақтың барлық аудан, қалаларында іске асып жатқанын айтты. — Алла Тағаланың сүйікті еліміз пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.): «Мұсылман адам өзі үшін

жақсы көрген нәрсені, өзге үшін де жақсы көрмейінше ол толық мұсылман болмайды» деді. Кімде-кім қиналған адамға қол ұшын беріп, қиындығын сөйлтсе, Алла Тағала оның басындағы қиындығын сөйлтетеді. Сол себепті Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының бас мүфтіі Наурызбай қажы Тағанұлының тікелей бастамасымен «Жүрек жылуы» атты республикалық акциясы жүріп жатыр. Қайырымдылыққа қол созып жатқан халықтың өзі.

Қайырымдылық акциясы осымен тоқтап қалмай, әрмен қарай да жалғаса бермек. Ардақ Нұсіпханұлы елімізде ғана емес әлемде орын алып жатқан жағдай кезінде халықты бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір атаның баласындай атсалысуға шақырды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2204: Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 23 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар. Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VYU00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	--	--	---